

УДК 327.37

ҮНДІСТАН МЕН ПӘКІСТАН АРАСЫНДАҒЫ ЯДРОЛЫҚ ҚАРУ МӘСЕЛЕСІ

Мұсағалиев Нұржол Мырзабекұлы

nurzhol.musagaliev@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті
Аймақтану кафедрасының 4 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қилыбаева П.Қ.

Үндістан мен Пәкістан тәуелсіздік жолына түскен уақыттан бастап екі мемлекет арасындағы қатынастар өте ауыр сипатқа ие болды. Даулы Джамму мен Кашмир аймағына байланысты шиеленіс әлі күнге дейін шешімін таппай, қазіргі таңда халықаралық қатынастардағы ең ұзақ шиеленістердің бірі болып отыр. Екі ел арасындағы келіспеушіліктер бірнеше қарулы қақтығыстарға әкелді. Көптеген сарапшылардың айтуынша, бұл қақтығыс болашақта ірі ядролық соғысқа айналуы әбден мүмкін. Сондықтанда, үнді-пәкістан қақтығысы тек Оңтүстік Азия аймағына қатысты емес, бүкіл әлем үшін шешуші мәселе болып табылады. Бұл мәселе БҰҰ-ның күн тәртібінде ұзақ жылдан бері тұрған маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Оңтүстік Азия аймағының екі алпауыт мемлекеттері арасындағы қарама қайшылықтар 1947 жылы Британ империясынан тәуелсіздік алғаннан басталып, 70 жылдан аса уақыт өтсе де, әлі күнге дейін шешімін таппауда. Джамму мен Кашмир штатының халқының көп бөлігін мұсылмандар құраса, билік басында индуисттер болған болатын. Бұл аймақ басшылары алғашқыда бейтарап, тәуелсіз өмір сүруді таңдаған болатын, бірақ кейін Үндістанға қосылуға мәжбүр болды. Бұл әрекетті Пәкістан сынға алды және қарсы шықты. Үнді әскерлерінің Кашмир аумағына басып кіруі, бірінші үнді-пәкістан соғысына әкелді. БҰҰ-ның

резолюциясына сәйкес, 1949 жылы 1 қаңтардан бастап бітім күшіне енген болатын. 27 шілдеде Үндістан мен Пәкістан атысты тоқтату туралы келісімге қол қойды. Кашмирдің шамамен 60%-ы Үндістанның бақылауына өтті, 40% - ы Пәкістанның бақылауында болды. Бірақ оған қарамастан, аймақта бейбітшік орнамады. Бірнеше қанды қарулы қақтығыстардан кейін, екі мемлекет өздерінің ядролық бағдарламаларын бастады.

Үндістан ең алғашқы ядролық сынақты 1974 жылы 18 мамырда тар шөліндегі Покхаран полигонында өткізді. 10-15 килотондық тротил қуаты бар ядролық құрылғы жер астында жарылды. Бұл операция «күлімсіреген Будда» деп аталды. Үндістан өзінің ядролық бағдарламасын 1948 жылы дамыта бастады. Ең алдымен, сол кезде Қытаймен қақтығысқа байланысты өзінің ядролық технологиялар кешенін белсенді түрде дамытқан.

Алғашқы 1 мегаватт қуаты бар үнділік Апсара ядролық реакторы 1957 жылы Ұлыбританияның көмегімен құрылды және іске қосылды. Тағы бір қуаты 40 мегаватт реакторды канадалық мамандар іске қосты. Сонымен қатар, КСРО мен АҚШ Үндістанға АЭС салуға және атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалануға көмек көрсетті. Алайда, осыған қарамастан, Үнді мамандары құпия әскери әзірлемелерді жүргізді. Бұл туралы 1972 жылы Премьер-министр Индира Ганди ядролық сынақ жүргізуге келісім берген кезде белгілі болды. Оған дайындық қатаң құпиялылық режимінде жүргізілді [1].

Батыс елдері сынақтар туралы білгеннен кейін, олар Нью-Делимен ядролық саладағы кез-келген ынтымақтастықты тоқтатты. Үнді жағы жасалынған ядролық сынақтар үшін халықаралық жауапкершілікті өз мойнына алудан бас тартты, өйткені ол ешқашан Ядролық қаруды таратпау туралы шартына ешқашанда қол қоймаған. Келесі сынақ 1998 жылы өткізілді. Покхаран полигонында бес ядролық құрылғы жарылды.

Осыдан кейін АҚШ Үндістанға экономикалық санкциялар енгізді. Вашингтон Нью-Делиді Ядролық қаруды таратпау шартына қол қоюға мәжбүр етуге тырысты, бірақ АҚШ билігінің күш-жігері басқа елдерден қолдау таппады. 2001 жылдың 11 қыркүйектегі шабуылдардан кейін, АҚШ Үндістанға халықаралық терроризмге қарсы науқанға қатысу үшін шектеулерді алып тастаған болатын.

SIPRI институтының бағалауы бойынша, қазіргі уақытта Үндістанда шамамен 120-130 ядролық оқтұмсық бар. Қарулы Күштері ядролық қаруды жеткізу құралдарымен, оның ішінде орта қашықтықтағы тактикалық зымырандармен жабдықталған.

Үндістанның әскери күшінің өсуі Пәкістанға жаппай қырып-жою қаруын жасауға мәжбүр етті. 1970 жылдардың басына дейін ондағы ядролық зерттеулер бейбіт сипатта болды. Бірақ, 1971 жылдың желтоқсанында болған үшінші үнді-пәкістан соғысы нәтижесінде, Пәкістанның Шығыс Пәкістаннан (қазіргі Бангладеш) айырылуы өте ауыр соққы болды. Осы соғыс салдарынан Пәкістан атом энергиясын әскери мақсатта пайдалану қажеттілігі туындады.

Сол кездегі президент Зульфикар Али Бхутто Пәкістанды ядролық держава ету міндетін қойды. 1986 жылы Исламабад Пекинмен ядролық зерттеулер саласындағы ынтымақтастық туралы келісім жасасты. ҚХР өз мамандарын уранды байыту және ядролық заряд технологияларын беру бойынша центрифугалардың жұмысын жолға қою үшін ұсына бастады. Сол жылы Пәкістанда ядролық жарылғыш құрылғының прототипі жасалды және 1989 жылы ядролық оқ-дәрілердің жаппай өндірісі басталды.

Қазіргі уақытта халықаралық сарапшылардың пікірінше, Пәкістанның ядролық арсеналы 130-140 оқтұмсықты құрайды. Ислам Республикасының өкілдері бірнеше рет Ядролық қаруды таратпау туралы шартына қосылуға дайын екендіктерін мәлімдеді, бірақ тек Үндістанмен бірге. Сонымен қатар, Нью-Делиден айырмашылығы, Пәкістанның ядролық цикл кәсіпорындарының көпшілігі МАГАТЭ-нің кепілдігінде емес. Сарапшылардың айтуынша, 2025 жылға қарай Пәкістанда 220-250 оқтұмсықтың арсеналы болуы мүмкін, бұл оны ядролық қару қоры бойынша бесінші орынға қояды [1].

1998 жылғы мамыр тек Оңтүстік Азия үшін ғана емес, бүкіл әлем үшін маңызды сәт болды. 11 және 13 мамырда Үндістан, ал 28 және 31 Мамырда Пәкістан ядролық сынақтар сериясын өткізді. Осылайша оларда ядролық қарудың барын және өздерінің ядролық бағдарламаларын соңына дейін жеткізетіндерін көрсетті. Үндістан өзінің ядролық сынақтарын Покхран қаласында өткізді. 11 мамырда үш заряд, 13 мамырда тағы екі заряд жарылды. Пәкістан оған дереу жауап берді, сөйтіп Пәкістан сол кезде бірнеше ядролық құрылғылардың жасалғанын дәлелдеді. 28 мамырда Пәкістан бес ядролық жарылғыш құрылғыны сынап көрді, 30 мамырда тағы бір сынақ өткізді. Осылайша, екі мемлекет те ядролық зарядтар шығара алатындығын дәлелдеді. Сондықтан 1998 жылы мамырда оңтүстік-азиялық текетірес Үндістан мен Пәкістан арасындағы әдеттегі қару-жарақ жарысымен бірге олардың арасындағы ядролық текетірес қосылып, әлем тарихындағы ядролық текетірестің екінші ошағына айналып, тағы бір маңызды құрамдас бөлікке ие болды [2].

Көптеген елдер, ең алдымен Үндістан мен Пәкістанның аймақтағы көршілері Кашмирдің географиялық және стратегиялық маңыздылығын мойындайды. Сонымен қатар, олар Үндістан мен Пәкістанның ядролық державалар екендігіне алаңдайды, олар өздерінің жылдық бюджеттерінің едәуір бөлігін бір-бірінен артықшылығын қамтамасыз ету үшін қару жарысына жұмсауда. Сарапшылардың пікірінше, Кашмирге қатысты дау екі мемлекет арасындағы қалыпты өзара байланыстарды орнатуға кедергі келтіріп қана қоймай, сонымен бірге бүкіл Оңтүстік Азия аймағы үшін қауіпсіздікке үнемі қауіп төндіреді [3].

Үндістан үшін «ядролық мәртебе» – бұл тек аймақтық ғана емес, сонымен бірге жаһандық мүдделері мен тиісті позициялары бар державаларға, олардың екіжақты және көпжақты форматта, ең алдымен БҰҰ және оның Қауіпсіздік Кеңесі аясында қорғалуына ықпал ететін нақты мүшеліктің белгісі. Оған Үндістан дәйекті, бірақ әлі сәтсіз үміткер. Ядролық қарудың болуы іс жүзінде Үндістанды Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелерінің «ядролық бестігімен» теңестіреді. Үндістан осы әмбебап халықаралық ұйымды реформалау мен модернизациялауды асыға күтеді және белсенді түрде қолдайды, онда ол сенімді стратегиялық серіктесі Ресейдің және АҚШ-тың қолдауымен жаңа позицияларға шығуға ниетті. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесінің мәртебесі Үндістанды Азиядағы басты бәсекелес – Қытай Халық Республикасымен халықаралық деңгейде теңестіріп, оны ұлы державалардың вето құқығын пайдалану объектісінен осындай құқық субъектісіне айналдырар еді.

Пәкістан өзінің «ядролық мәртебесін» халықаралық контексте ислам әлеміндегі көшбасшылықпен және беделмен байланыстырады, өйткені ол ядролық қаруға ие жалғыз мұсылман мемлекеті болып саналады. Пәкістан басқа ислам мемлекеттері үшін осындай ядролық технологиялардың «доноры» ретінде болуы мүмкін, олардың арасында халықаралық сарапшылар жиі Сауд Арабиясын атайды. Пәкістанның саяси жүйесінің ерекшелігі – билік басындағы жоғарғы азаматтық бюрократтармен бірге әскерлер бар. Пәкістанның ядролық бағдарламасының Үндістаннан айырмашылығы, ядролық қаруды басынан бастап армия басшылығы басқарды және ядролық қаруды азаматтық бақылау мәселесі тұрған жоқ. Керісінше, таза әскери бақылау осы қаруды қолдану қаупін арттырады ма, әлде керісінше, қолданыстағы режимнің қаншалықты тұрақты екенін, оған қандай балама нұсқалар бар екенін азайтады ма деген сұрақ туындайды [4].

2019 жылдың 14 ақпанында Кашмирде болған лаңкестік әрекет екі мемлекет арасындағы қатынастарының одан әрі ұшығып, ядролық қаруды қолдану қаупіне әкелді. Аталған лаңкестік оқиға Кашмирдің Үндістанға қарайтын аумағындағы Пулвама қаласында, үндістандық әскери көліктер қатар жүріп келе жатқанда жасалған. Нақтылай айтқанда, жанкешті өзінің басқаруындағы жарылғыш зат орнатылған машинаны әлгі көліктердің біріне соғады. Соның салдарынан Үндістанға тиесілі әскери көліктердің бірінде отырған 45 полиция мерт болды. Үндістан тарапы хабарлағандай, жарылысты Кашмирдің 22 жастағы тұрғыны жасаған. Көп ұзамай аталған лаңкестік шабуылды «Жаиш-е-Мұхаммед» тобы мойнына алды. Бұл топтың жарылысты өз мойнына алуы Пәкістанға кері әсер әкелді. Өйткені, «Жаиш-е-

Мұхаммед» – осы елдің аумағында орналасқан, Джамму мен Кашмир штатын Үндістаннан бөліп, Пәкістанға қосуды көздеп жүрген ұйым. Үндістан жағы бұл топ Пәкістан билігінен қолдау тауып отыр деп есептейді.

Дели осы лаңкестік шабуылға Пәкістан билігінің қатысы бар екеніне сенімді. Осы орайда Үндістан премьер-министрі Нарендра Моди Пулвамадағы шабуылға тиісті жауап берілетінін мәлімдей келіп, ел әскеріне шекара маңында кез келген әскери қимыл жасауға рұқсат берді. Ал ресми Исламабад қарсы тараптың барлық айыптауларын жоққа шығарды. 26 ақпанда Үндістан әуе күштері Пәкістанға тиесілі Кашмир аумағында орналасқан «Жайш-е-Мұхаммед» тобының базасына шабуыл жасауы мәселені тым күрделендіре түсті. Нақтылай айтқанда, Үндістан әскери әуе күштерінің 12 жойғыш ұшағы «Жайш-е-Мұхаммед» лаңкестік ұйымының жаттығу лагерін қиратқан. Кейбір деректер бойынша, әуе шабуылынан ұйымның 300 жасағы көз жұмған. 27 ақпанда пәкістандықтар Үндістанның екі ұшағын атып түсіріп, ұшқышты абақтыға қамап, тұтқындаған болатын. Ядролық қаруды қолдану туралы болжамдарда айтылды. Алайда, Пәкістан үкіметі шиеленісті деэскалациялау үшін, тұтқындалған үнді ұшқысын босатып, Үндістан тарапына береді [5].

Үндістан да, Пәкістан да қазіргі кездегі Ядролық қаруды таратпау туралы шартының мүшелері ғана емес, сонымен бірге алдағы уақытта оған қосылуды қарастырмауда. Бұл жағдайдың бірнеше себептері бар. Біріншіден, екі елдің пікірі бойынша, ядролық қаруға ие мемлекеттердің басқа мемлекеттерге ядролық қаруды жасауға жол бермеуі дұрыс емес. Екіншіден, көптеген ескертулермен қабылданған ядролық державалардың міндеттемелеріне сәйкес Ядролық қаруды таратпау туралы шартының ядролық емес мемлекеттердің, әсіресе ядролық державалармен шиеленіс болған жағдайда, олардың қауіпсіздігіне жеткілікті кепілдікті қамтамасыз етпейтіні көрсетіледі. Үшіншіден, Ядролық қаруды таратпау туралы шартының ядролық қаруды орналастырудан ажырату қиын болатын ядролық қару транзитіне тікелей тыйым салуды көздемейді. Және, төртіншіден, ЯҚТШ тиімділігін қамтамасыз ету үшін барлық елдер бір мезгілде ядролық қарудан бас тартуы тиіс деп жарияланды.

Үндістан мен Пәкістан ешқашан Ядролық қаруды таратпау туралы шартына қосылмағандықтан, олардың басшыларының пікірінше, олар бұл шартты бұзушылар ретінде қарастырыла алмайды және оларға халықаралық санкциялар режимін қолдану заңсыз болып табылады. Мұны жасырын мойындай отырып, Ресей мен Қытай 1998 жылы Үндістан мен Пәкістанның ядролық сынақтарын ресми түрде айыптап, бірақ оларға қарсы санкциялар енгізуден бас тартты. Ұлыбритания мен Францияда Үндістан мен Пәкістанға қарсы санкциялар режимін қолданудың орындылығына күмән келтірді [6].

Осылайша, Ядролық қаруды таратпау туралы шартының қазіргі түрінде Оңтүстік Азияда ядролық қаруды таратпауды қамтамасыз етуге қабілетті әмбебап шарттың рөлін орындай алмады деп толық сеніммен айтуға болады. Онда келісімнен тыс екі жаңа ядролық державаның пайда болуы, ядролық қаруды таратпау желілеріне ауыр соққы берді және Ядролық қаруды таратпау туралы шартының болашағы мен оны құтқару үшін шұғыл, тиімді және новаторлық шаралар қабылданбаса, бүкіл ядролық қару таратпау режиміне күмән келтіреді.

Үндістан мен Пәкістанның ядролық қаруды бақылау жөніндегі шараларға қатысуы екі жаңа ядролық мемлекеттің осы аймақтан тыс жерлердегі халықаралық беделін едәуір арттырып, олардың ядролық саладағы жаһандық процестер үшін жауапкершілігін арттыруға, олардың әлемдегі ядролық қауіпсіздік үшін күреске қатысуын жандандыруға ықпал етуі мүмкін еді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. **Беляев Д.** Договор о нераспространении ядерного оружия: кто к нему так и не присоединился? <https://tass.ru/mezhdunarodnaya-panorama/8424817>

2. Шилин А. Ядерные программы Индии и Пакистана // Научно-технические аспекты контроля над ядерными вооружениями и нераспространения. 2006, 17 с.
3. Usman A, Hussain S, Amjad A, Tariq J, Sajjad A The Pakistan-India Security Dilemma – Contemporary Challenges // Journal of Indian Studies. 2017 Vol. 3 (1). – P. 19–25.
4. Алексея Арбатова, Владимира Дворкина. Перспективы присоединения Индии и Пакистана к ограничению ядерных вооружений // ИМЭМО РАН. Москва. 2012, 65 с.
5. Жолдыбай Б. Үндістан-Пәкістан: жанжал қайта ушықты.
<https://egemen.kz/article/184323-undistan-pakistan-zhandgal-qayta-ushyqty>
6. Арбатов А, Чуфрин Г. Ядерное противостояние в Южной Азии // Московский центр Карнеги. 2005, 33 с.